

Әскер жасындағы азаматтарды жыл сайынғы мерзімді әскери қызметке кезекті шақырудың мәселелері туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2006 жылғы 24 наурыздағы N 115 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2006 жылғы 29 наурызда N 2963 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2012 жылғы 4 сәуірдегі N 56 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2012.04.04 N 56 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті жыл сайын сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларында әскерге шақырудан кейінгі қалдыру немесе шақырудан босату құқықтары жоқ, он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтарды Қарулы Күштер, басқа да әскери бөлімдер мен әскери құрамаларды жасақтауға қажетті мөлшерде мерзімді әскери қызметке шақырсын.

2. Аудандар мен Орал қаласының әкімдері:

1) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезеңінде қорғаныс істері жөніндегі басқармасының (бөлімдерінің) қарауына дәрігерлік тексеру жүргізу үшін жабдықталған бөлме-жайлар, қажетті мөлшерде техникалық қызметкерлер мен қызмет көрсетуші адамдарды, сондай-ақ әскерге шақырушыларды облыстық жинақтау пунктіне тасымалдайтын автокөліктер бөлсін;

2) осы қаулыны іске асыру жөнінде басқа да қажетті шараларды алсын.

3. Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау, қаржы, ішкі істер департаменттері мен осы мәселеге қатысы бар басқа да мемлекеттік органдар Батыс Қазақстан облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментіне осы қаулыны жүзеге асыру барысында көмек көрсетсін.

3-1. Батыс Қазақстан облысының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы мемлекеттік мекемесі медициналық комиссиялардың қызметкерлерін оқыту, сондай-ақ медициналық комиссиялар қызметкерлерінің еңбекақылары мен іссапар шығыстарын төлеуді жүргізсін.

Ескерту. 3-1 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2010.02.25 N 24 Қаулысымен.

4. 1 қосымшаға сәйкес облыстық шақыру комиссиясы құрылып, оның құрамы бекітілсін және облыстық шақыру комиссиясының құрамында облыстық медициналық комиссиясы құрылсын.

5. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін (қ о с ы м ш а 2) .

6. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2006 жылғы 24 ақпандағы N 65 "Әскер жасындағы азаматтарды жыл сайынғы мерзімді әскери қызметке шақырудың мәселелері туралы" қаулысы бұзылсын.

7. Батыс Қазақстан облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті облыс әкіміне шақыру барысы туралы мәлімдеп отырсын.

Облыс әкімі

Қ о с ы м ш а 1
о б л ы с ә к і м д і г і н і н
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 4 н а у р ы з д а ғ ы
N 115 қаулысымен бекітілген

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010.02.25 N 24; өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010.05.18 N 106 Қаулыларымен.

Облыстық шақыру комиссиясының құрамы

Ғалеев Данияр Жақсылықұлы - Батыс Қазақстан облысы
қорғаныс істері жөніндегі
департаментінің бастығы,

комиссия төрағасы

Церковников Сергей - Батыс Қазақстан облысы
Николаевич жұмылдыру дайындығы,
азаматтық қорғаныс,
авариялар мен дүлей
апаттардың алдын алуды
және жоюды ұйымдастыру
басқармасының бастығы,

төрағаның орынбасары

Мерғалиева Маржан - комиссия хатшысы
Балжұманқызы

Комиссия мүшелері:

Лямов Ғизатолла Темірұлы	- Батыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары
Байдиев Батырбек Идиатұлы	- Батыс Қазақстан облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының көмекшісі (медициналық комиссияның төрағасы - дәрігер)
Төремұратов Бисен Шафхатұлы	- Батыс Қазақстан облысы ішкі істер департаменті бастығының орынбасары
Сабыров Нұрлан Меңешұлы	- Батыс Қазақстан облысы білім басқармасы бастығының орынбасары
Қангелдиев Қалеш Сайынұлы	- Батыс Қазақстан облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары
Бекарыстанов Тұрарбек Жарасбайұлы	- Батыс Қазақстан облысы туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы оқу-спорт және туризм жұмыстары жөніндегі бөлімінің бастығы

Комиссияның резервтік құрамы:

Комиссия төрағасы	- Батыс Қазақстан облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары
Төраға орынбасары	- Батыс Қазақстан облысы жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының бөлім бастығы

**Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу
кестесі**

Мерзімді әскери қызметке шақырылуға тиісті әскер жасындағы азаматтарды
дәрігерлік тексеруден өткізу:
сәйкесті жылдың 1 сәуірі мен 30 маусым және 1 қазан мен 30 желтоқсан
аралығында .

Әскерге шақырушыларды облыстық жинақтау пунктiнен Қарулы Күштердiң
әскери бөлiмдерi мен басқа да әскери құрылымдарына жөнелту:
сәйкесті жылдың 10 мамыры мен 30 маусым және 10 қазан мен 30 желтоқсан
аралығында.